

8-(7172)-70-30-30

Call орталығы

Қоңырауға тапсырыс беру ☎

Университет

Білім

Талапкерге

Студенттерге

Жаналықтар "Академик" ғалымдар клубында кездесу өтті

"Академик" ғалымдар клубында кездесу өтті



2014 жылы қыркүйек айының 22 жұлдызында сағат 14:00-де ҚазГЗУ-дың «Академик» ғалымдар клубында «Орталық Азия – құқық үстемдігі Платформасы» жобасының жетекшісі Ксавье Барре мырзаның ұсынысы бойынша Іргелі және қолданбалы ғылымдар Академиясы директорының орынбасары, «Мемлекет және құқық» ҒЗИ Директоры – С.К. Идрышева Германияның Киль қаласындағы Кристиан Альбрехт университетінің өкілі, Батыс Европа елдері құқығы Институтының аспиранты – Дилшот Азимовпен кездесті.

Шетелдік қонақтың келу мақсаты :

- Қазақстандағы заңтану саласы бойынша білім беру жүйесін және тиісті нормативтік құқықтық базасы бойынша ақпаратпен танысу;
- құқықтық білім беру жүйесінің құрылымымен және кәсіби құқықтық дайындықпен танысу;
- аталған жүйені дамыған (негізінен еуропалық) халықаралық стандарттағы құқықтық білім берудің және кәсіби дайындықтың деңгейі бойынша бағалау.

Кездесу барысында С.К. Идрышева Қазақстандағы білім жүйесі туралы, соның ішінде білім беруде ҚазГЗУ қолданып келе жатқан инновациялық әдістер жайында, университет басшылығы мен қызметкерлері тарапынан құқықтық білім берудің деңгейін көтеру мен кәсіби маман дайындауға бағытталған жүйелі шаралар туралы ақпараттармен бөлісті.

Сондай-ақ кездесу барысында ҚазГЗУ мен Кристиан Альбрехт атындағы университет және Макс Планк атындағы институтпен бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу, тақырыптық жобаларды жүзеге асыру, халықаралық ғылыми конференциялар мен өзге де форумдарды бірлесіп өткізу, неміс ғалымдарының мақалаларын «Мемлекет және құқық» журналына жариялау және біздің ғалымдардың неміс журналдарына өз мақалаларын жариялау мүмкіндіктері, сонымен қатар біздің студенттер мен магистранттардың академиялық мобильдік деңгейінде алмасып оқуы және магистранттар мен докторанттардың Кристиан Альбрехт және Макс Планк институтында шетелдік тәжірибеден өту мүмкіндіктері жөнінде келісімге келудің жолдары талқыланды.

Соңғы жаңалықтар

ҚазГЮУ Бизнес мектебінің тыңдаушыларына арналған модульдік оқытудың бағдарламасы басталды.



Сабақтар мүлдем жаңаша форматта өтуде, қызу пікірталастар болуда,

сондай-ақ ынтымақтастық пен серіктестік байланыстар орнатылуда.

Ағылшын тілі бойынша олимпиада!



2017 жылдың 17 қарашасынан 6 желтоқсанға дейін

ҚазГЮУ Университетінде ағылшын тілінен пәндік олимпиада өтеді.

ҚазГЮУ Университетінде Халықаралық кітапхананың ашылу рәсімі өтті



2014 жылғы 21 қазанда Қазақ Гуманитарлық Заң Университетінде

Сыртқы істер министрі Е.А. Ыдырысовтың Астана қаласындағы елшіліктер өкілдерімен, университеттің ғалымдары...

Жаналықтар

Сауалнама

Сіз ҰБТ/ ТКТда қай пәнді таңдадыңыз?

Дүниежүзі тарихы - 37%

Жағрафия - 17.4%

Шет тілі - 13%

Биология - 23.9%

Басқа - 8.7%

Total votes: 46

The voting for this poll has ended on: Тамыз 31, 2014

Нәтижелерді көрсету

Уақиғаның күнтізсі

Приемная комиссия



« Қазан 2014 »

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сб	Жс
29	30	1	2	3	4	5
6	7	8	9	10	11	12
13	14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25	26
27	28	29	30	31	1	2



Приемная комиссия